


Биология

Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі

1. Екі мембраналы органоидтер
 - А) хлоропласт, митохондрия
 - В) митохондрия, вакуоль
 - С) хлоропласт, лизосома
 - Д) митохондрия, центриоль
2. Пластидтер мен митохондрияның ұқсастықтары
 - А) тек өсімдік жасушасында ғана кездеседі
 - В) бір мембраналы, АТФ синтездеуші
 - С) екі мембраналы, рибосомалары болмайды
 - Д) рибосомалары бар, өзіндік ДНҚ мен РНҚ бар
3. Асқазанды өздігінен қорытудан қорғайды
 - А) ұлтабар
 - В) ашішек
 - С) бауыр
 - Д) сілемей
4. Зиянды бактерияларды жоятын фермент
 - А) амилаза
 - В) трипсин
 - С) муцин
 - Д) лизоцим
5. $C_6H_{12}O_6 + O_2 - 6CO_2 + \dots 36ATP$
Бос орынға сәйкес келетін затты орналастырыңыз
 - А) $C_3H_6O_3$
 - В) H_2O
 - С) 2 АТФ
 - Д) 38 АТФ
6. Нефрон капсуласы
 - А) Генле ілмегі
 - В) ирек өзекше
 - С) кеңейтілген бөлік
 - Д) дистальды түтік
7. Азотты бекітудің типі
 - А) физикалық
 - В) биологиялық
 - С) экологиялық
 - Д) химиялық
8. Популяцияда жүретін үдерістерді зерттейтін экология бөлімі
 - А) аутэкология
 - В) коэкология
 - С) демэкология
 - Д) синэкология

9. Аэробты үдеріс жеткіліксіз болған кезде адам ағзасындағы өзгеріс
- A) бұлшықетте оттегі жеткілікті болады
 - B) сүт қышқылы бірден ыдырайды
 - C) тыныс алу жиілейді, ентіге бастайды
 - D) жүрек соғуы жиілейді, сергек болады
10. Суретте С әріпімен берілген ыдырау өнімі



- A) зәр қышқылы
 - B) аммиак
 - C) несепнәр
 - D) гуанин
11. Балықтарда қорегін табуға, су қысымының өзгеруін қабылдауға көмек беретін мүшесі
- A) құйрық жүзбеқанаты
 - B) желбезек жапырақшасы
 - C) бүйір сызығы
 - D) құрсақ жүзбеқанаты
12. «Транспирация-флоэма-енжар тасымал-белсенді тасымал» берілген тасымалдың реттілігін анықтаңыз
- A) судың булануы - органикалық заттың қозғалуы - диффузия - фагоцитоз
 - B) органикалық заттың қозғалуы - диффузия - фагоцитоз - судың булануы
 - C) судың булануы - диффузия - органикалық заттың қозғалуы - фагоцитоз
 - D) фагоцитоз - судың булануы - диффузия - органикалық заттың қозғалуы
13. Жүйке импульсінің потенциалдары мен ерекшеліктерін сәйкестендіріңіз:

№	Жүйке импульсінің потенциалдары		ерекшеліктері
1	тыныштық потенциал	A	мембрана заряды өзгереді, 110-120 мВ
2	әсер ету потенциал	B	мембрана заряды өзгермейді, 60-90 мВ
3	мембрана потенциал	C	қозған жасуша мембрана потенциалы

- A) 1-С, 2-А, 3-В
- B) 1-А, 2-В, 3-С
- C) 1-А, 2-С, 3-В
- D) 1-С, 2-В, 3-А

14. Фитогормондарды әсер ету типімен сәйкестендіріңіз:

№	Әсер ету типі		фитогормон
1	стимулдайтын	A	этилен
		B	цитокинин
2	ингибирлейтін	C	гиббереллин
		D	ауксин

- A) 1-A, B 2-C, D
- B) 1-B, C, D 2-A
- C) 1-A, 2- B, C, D
- D) 1-C, D 2-A, B


15. Енжар тасымал ретін көрсетіңіз «тасымалданатын заттар - тасымал түрі жасушаға енуі - концентрация градиенті»

- A) нәруыз түтік - пиноцитоз - иондар - концентрация градиентіне қарсы
- B) пиноцитоз - концентрация градиент бойымен - оттек - фосфолипид
- C) диффузия - концентрация градиентіне қарсы - фосфолипид - глюкоза
- D) су - осмос - фосфолипид - концентрация градиентіне бойымен

Нұсқаулық: *Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі*

Асқорыту жүйесі асқорыту жолы және асқорыту бездерінен тұрады. Асқорыту жолының (ауыз қуысы-жұтқыншақ-өңеш-асқазан (қарын) – ұлтабар – ашшек – тоқішек – тікішек ұзындығы 8-10 метрді құрайды. Асқорыту бездеріне бауыр (ең үлкен без), ұйқы безі, сілекей бездері жатады. Сонымен қатар асқорыту ферменттері бар. Амилаза – көмірсуларды глюкозаға дейін, пепсин – нәруыздарды аминқышқылдарға, липаза – майларды май қышқылы мен глицеринге дейін ыдыратады.

Асқорыту жүйесі



16. Суретте 4 санымен көрсетілген асқорыту мүшесі
- A) жұтқыншақ
 - B) бауыр
 - C) асқазан
 - D) ұлтабар
17. Жұтқыншақ арқылы өткен ас түседі
- A) ащыішекке
 - B) ұлтабарға
 - C) асқазанға
 - D) өңешке
18. Суреттен ішек бүрлері бар бөлімді көрсетіңіз
- A) 6-соқырішек
 - B) 7-ашішек
 - C) 8-тоқішек
 - D) 9-тікішек
19. Асқорыту жолдарына түскен майды ұсақ тамшыларға бөледі
- A) асқазандағы пепсин
 - B) ұйқы безі бөлетін панкреатин
 - C) ауыз қуысындағы амилаза
 - D) бауыр бөлетін өт
20. Азамат таңғы асында ауыз қуысына қара нанды салған соң, біраздан кейін тәтті дәм келеді. Қара наннан тәтті дәмнің келу себебі:
- A) ауыз қуысы қышқылды орта, липаза қара нан құрамындағы көмірсуды глюкозаға дейін ыдыратады
 - B) ауыз қуысы қышқылды орта, пепсин қара нан құрамындағы көмірсуды глюкозаға дейін ыдыратады
 - C) ауыз қуысы сілтілі орта, лицозим нан құрамындағы көмірсуды глюкозаға дейін ыдыратады
 - D) ауыз қуысы сілтілі орта, амилаза қара нан құрамындағы көмірсуды глюкозаға дейін ыдыратады